

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Бірыңғай экспорттық бақылау тәртібі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 шілдедегі N 640 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Бірыңғай экспорттық бақылау тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Бірыңғай экспорттық бақылау тәртібі туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Бірыңғай экспорттық бақылау тәртібі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері, біртұтас экономикалық және кедендік кеңістіктің тиімді жұмыс істеуі үшін, қолайлы жағдай жасауға ұмтыла отырып,

бір-бірімен және үшінші мемлекеттермен теңгерімді, өзара тиімді сауда және ғылыми-техникалық байланыстарды дамытуға жәрдемдесуді ниет ете отырып, жаппай қырып-жою қаруы мен оны жеткізу құралдарын таратпау қағидаттарына өз бейілділігін растай отырып,

өз мемлекеттерінің ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігін негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз мемлекеттерінде жаппай қырып-жою қаруы мен оны жеткізу құралдарын, өзге де қару-жарақ пен әскери техника түрлерін (бұдан әрі - экспорттық бақылауға жататын тауарлар) жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін тауарларға, ақпаратқа, жұмыстарға, қызметтерге, зияткерлік қызмет нәтижелеріне қатысты сыртқы

экономикалық қызметті (халықаралық табыстауларды) реттейтін үйлестірілген нормалар мен ережелердің жиынтығын қамтитын экспорттық бақылаудың халықаралық шарттары мен халықаралық режимдерінің талаптарына сәйкес келетін бірыңғай экспорттық бақылау тәртібін орнатуды қамтамасыз етеді.

Осы Келісімнің күші әскери мақсаттағы тауарларға, жасырын ақпарат алуға арналған шифрлау техникасы мен арнайы техникалық бұйымдарға қатысты сыртқы экономикалық қызметке (халықаралық табыстауларға) қолданылмайды.

2-бап

Тараптар осы Келісімге және өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын таратпау саласындағы халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық экспорттық бақылау режимі бойынша өз мемлекеттерінің міндеттемелері үшін залалсыз бірыңғай экспорттық бақылау тәртібін іске асыруды қамтамасыз етеді.

Тараптар басқа Тараптарды экспорттық бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті органдар (бұдан әрі - Тараптардың уәкілетті органдары) туралы хабардар етеді.

3-бап

Экспорттық бақылауға жататын тауарлардың үлгі тізімдері (бұдан әрі - үлгі тізімдер) экспорттық бақылаудың халықаралық шарттары мен халықаралық режимдерінің шеңберінде қабылданған осындай тауарлардың бақылау тізімдеріне сәйкес болуға тиіс.

Үлгі тізімдерді Біртұтас экономикалық кеңістіктің комиссиясы (бұдан әрі - БЭК комиссиясы) Тараптардың ұсыныстары бойынша әзірлейді және бекітеді.

4-бап

Тараптар үлгі тізімдерге енгізілген тауарлармен сыртқы экономикалық операцияларды (халықаралық табыстауларды) жүзеге асыруды лицензиялауды немесе мемлекеттік реттеудің өзге де нысанын көздейтін рұқсат беру тәртібін орнатуды, сондай-ақ Тарап мемлекеттерінің аумағынан тысқары жерлерге шығарылатын осындай тауарларды кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді қамтамасыз етеді.

5-бап

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар бұл тауарлар жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын жасау мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы болжауға негіз болған не өз мемлекеттерінің құзыретті органдары хабардар еткен жағдайда Тараптар сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін үлгі тізімдерге енгізілмеген тауарлармен сыртқы экономикалық операцияларды (халықаралық табыстауларды) жүзеге асырудың рұқсат ету тәртібін орнатуды қамтамасыз етеді.

6-бап

Тараптар ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімнің 3 және 5-баптарында көрсетілмеген тауарлармен сыртқы экономикалық операцияларды (халықаралық табыстауларды) жүзеге асырудың рұқсат беру тәртібін енгізуі мүмкін.

Бұл ретте мұндай шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылдаған Тарап басқа Тараптарды бұл туралы хабардар етеді.

7-бап

Экспорттық бақылауға жататын тауарлардың Тарап мемлекеттерінің аумағынан тысқары экспортына және/немесе оларды уақытша әкетуге (бұдан әрі - әкету) байланысты сыртқы экономикалық операцияларды (халықаралық табыстауларды) жүзеге асыруға арналған рұқсатты (бұдан әрі - әкетуге арналған рұқсат) ұлттық заңнамада белгіленген тәртіппен Тарап мемлекетінің сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларына (субъектілеріне) осы Тараптың уәкілетті органы береді.

Тараптардың әрқайсысының уәкілетті органы берген әкетуге арналған рұқсат, егер экспорттық бақылаудың халықаралық шарттары мен халықаралық режимдері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мүдделері бойынша Тарап мемлекеттерінің міндеттемелеріне қайшы келмесе, Тараптардың барлық мемлекеттерінің аумағында қ о л д а н ы л а д ы .

Әкетуге арналған рұқсат экспорттық бақылауға жататын тауарлардың Тарап мемлекеттерінің аумағы арқылы транзиті үшін негіз болып табылады.

8-бап

Тараптар әкетуге арналған рұқсатқа қол қоюға уәкілетті лауазымды адамдардың тізімдерімен, сондай-ақ бұл рұқсаттар расталатын қолтаңбалардың және мөрлер бедерлерінің үлгілерімен алмасады.

Экспорттық бақылауға жататын тауарларды екінші Тарап мемлекетінің аумағынан жүзеге асырылатын Тараптар мемлекеттері аумағынан тысқары әкетуге арналған рұқсатты берген Тараптардың кез келгенінің уәкілетті органы бұл Тараптың уәкілетті органын мұндай рұқсаттың берілгені туралы хабардар етуге тиіс.

9-бап

Тараптардың әрқайсысының уәкілетті органы әкетуге арналған рұқсат беру туралы шешім қабылдау кезінде мыналарды:

жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын таратпау саласындағы өз мемлекетінің халықаралық міндеттемелерін, сондай-ақ экспорттық бақылаудың х а л ы қ а р а л ы қ р е ж и м д е р і н ;

ұлттық қауіпсіздік мүдделерін;

көрсетілген тауарларды пайдалану мақсаттарын;

жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын тарату қаупіне б а й л а н ы с т ы т ә у е к е л д е р д і ;

өз мемлекеттерінің заңнамасында көзделген өзге де факторларды ескереді.

10-бап

Экспорттық бақылауға жататын тауарлар бір Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына Тараптардың уәкілетті органдарының рұқсат ету құжаттары ресімделместен өткізіледі. Бұл ретте Тараптардың әрқайсысы өз

мемлекетінің заңнамасына сәйкес экспорттық бақылауға жататын кейбір тауарларға қатысты өз мемлекетінің аумағына (аумағынан) өткізуге, егер:

бұл жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын тараптау саласындағы экспорттық бақылаудың халықаралық шарттары, сондай-ақ халықаралық режимдері бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет болған;

бұл өз мемлекетінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болған;

олардың баратын ақырғы жері Тараптар мемлекеттерінің аумағынан тысқары орналасқаны белгілі болған жағдайда ғана шектеулер енгізуі мүмкін.

Осы бапқа сәйкес шектеу енгізу шешімін қабылдаған Тарап басқа Тараптарды хабардар етуге тиіс.

11-бап

Тараптардың әрқайсысының уәкілетті органы өз мемлекетінің заңнамасында көзделген негізде экспорттық бақылауға жататын тауарларды әкетуге арналған рұқсатты беруден бас тартуға, сондай-ақ оларға берілген рұқсаттың күшін жоюға, қолданылуын тоқтата тұруға немесе шарттарын өзгертуге құқылы.

Экспорттық бақылауға жататын тауарларды екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы жүзеге асыру жоспарланған Тараптар мемлекеттерінің аумағынан тысқары әкетуге оларға берілген рұқсаттан бас тарту, оның күшін жою, қолданылуын тоқтата тұру немесе шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдаған Тараптардың әрқайсысының уәкілетті органы осы Тараптың уәкілетті органын бұл туралы хабардар етеді.

12-бап

Экспорттық бақылауға жататын тауарлармен сыртқы экономикалық операциялардың (халықаралық табыстаулардың) жүзеге асырылуын экспорттық бақылау тәртібіне қойылатын жалпы талаптар Тараптардың ұсыныстары негізінде әзірленеді және оны осы Келісім күшіне енген күнінен бастап бір жыл ішінде БЭК комиссиясы бекітеді.

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларын экспорттық бақылауға жататын тауарлармен сыртқы экономикалық операциялардың (халықаралық табыстаулардың) жүзеге асырылуын экспорттық бақылау тәртібіне қойылатын жалпы талаптарға олар бекітілген күннен бастап бір жыл ішінде сәйкес келтіреді.

13-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің экспорттық бақылау саласындағы заңнамаларын бұзушылықтарды анықтауда және олардың жолын кесуде ынтымақтасады және бір-біріне жәрдем көрсетеді.

14-бап

Тараптар экспорттық бақылау саласындағы, оның ішінде осы Келісімді орындау үшін қабылданған нормативтік құқықтық кесімдер туралы ақпарат алмасу мақсатында сарапшылар деңгейінде тұрақты консультациялар өткізеді.

15-бап

Тараптардың әрқайсысы экспорттық бақылауға жататын тауарларды Тараптар мемлекеттерінің аумақтарынан тысқары әкету туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Мұндай ақпаратты Тараптар экспорттық бақылауды жүзеге асыру мақсатында ғана пайдалануы мүмкін және ол осы Келісімнің қатысушылары болып табылмайтын мемлекеттерге тек экспорттық бақылаудың халықаралық шарттарында және халықаралық режимдерінде көзделген жағдайлар мен көлемде берілуі мүмкін.

Қандай да бір Тараптың оған осы Келісімнің шеңберінде берілген ақпаратты Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын үшінші тарапқа беруі осындай ақпаратты берген Тараппен келісім бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы бапта көрсетілген міндеттемелер Тараптардың қандай да бірі осы Келісімнен шыққан жағдайда да күшінде қалады.

16-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

17-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі Дауларды шешу жөніндегі органға шешуге бере алады.

18-бап

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылудың шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалған халықаралық шартта белгіленеді.

19-бап

Осы Келісімге ескертпелер жасауға жол берілмейді.

20-бап

Осы Келісімнің күшіне енуі мен одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және олардан шығу тәртібі туралы хаттамада белгіленеді.

200__ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістіктің комиссиясына берілгенге дейін осы Келісімнің депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Министрлер Кабинеті үшін

Украинаның

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК